

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PHYSICO-MATHEMATICAL SERIES

ISSN 1991-346X

Volume 6, Number 298 (2014), 69 – 73

TESTING SYSTEM – GUARANTEE OF QUALITATIVE EDUCATION

F. Urazova

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: feruza.66@mail.ru

Key words: science, education, test, system, teacherstudying, methods.

Abstract. In the European countries as early as XIX century as experiments the system of tests began to be used in exact sciences, further for an improvement and control in the field of education began to inculcate sciences and educations in all industries. The testing system for years independence appeared and in our republic. Presently it is the only estimation of quality of education and control, before being used methodologies went out from application not actual.

УДК 577.71.5

ТЕСТІЛЕУ ЖҮЙЕСІ – САПАЛЫ БІЛІМ КЕПІЛІ

П. Б. Уразова

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: ғылым, білім, тест, жүйе, ұстаз, оқушы, тәсіл.

Аннотация. Еуропада сонау XIX ғасырдың өзінде-ақ нақты ғылым салаларында ішінара қолданыла бастаған тестік жүйе келе-келе қанатын кеңге жайып, білім сапасын жақсарту мен бақылау ісінде тиімді тәсіл ретінде ғылым-білімнің барлық салаларында жаппай қолданыла бастады. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл үрдіс біздің елімізде де кең өріс алды. Қазір білім сапасын ұдайы жақсарту мен бақылау ісінде тестілеу тәсілінен басқа жүйе жоқ, ал бұрынғы білім беру дәстүрі тиімсіз тәсіл ретінде қолданыстан шығып қалды.

Алайда ғалымдар мен ұстаз-педагогтар арасында оқушының интеллектуалдық білімін көтеру мен бақылау тұрғысында бұрынғы кеңестік жүйенің артықшылығын жақтайтындар да жетіп артылады. Мұны әсіресе гуманитарлық ғылым саласындағы ғалымдар көбірек тілге тиек етеді. Әрине оның өзіндік себептері мен дәлелдері де жоқ емес. Мәселен, қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері қазіргі оқушылардың арасында тестен жақсы баға алса да сөйлем талдау мен шығарма жазуға шорқақ балалардың көп екенін айтады. Әрине тестік жүйе әлемнің дамыған елдерінде де қолданысқа бірден ене қойған жоқ, тіпті әуелде оның жүйе ретінде атауы да болған жоқ.

Тарихқа көз жүгіртсек, тым ерте ғасырларда-ақ адам білімін тексеруде әр түрлі тәсілдердің қолданылғанын көруге болады. Яғни, тестілеу әдісінің тарихы нақтырақ айтсақ, алғашқы элемерттері ерте заманнан-ақ қолданыста болған. Мәселен, антикалық Грецияда шәкірттердің білім деңгейін бағалауда ақыл-ой өрісінің дамуын және дене икемін бақылайтын әртүрлі сынақтар қолданған. Ал б.э.д. VI ғасырларда Қытайда мемлекеттік қызметке алу үшін үміткерлердің білім деңгейін, ой өрісін тексеретін қазіргі тестік жүйе іспеттес сауал-жауап негізіндегі бақылау тәсілдері болған. Ежелгі Вавилонда да оқушылардың сауатын анықтайтын осыған ұқсас тәсілдер болса керек. Мұндай тәсілдер мұсылмандық білім беру ісі мен ғалымдардың біліктілігін тексеру ісінде де болғаны тарихтан белгілі. Мәселен өзінің мәні мен маңызы жөнінен Құраннан кейін тұрады деп есептелетін “Сахих әл-Бұхари” хадистер жинағының авторы Бұқаридің есте сақтау

қабілетін тексергенде ғалымдар хадистердің иснадтары (хадисті жеткізушілердің аты-жөндері) мен сөздерін ауыстырып немесе кезінде пайғамбарымызға қойылған сахабалардың сұрақтарына берілген жауаптарды әлденеше құбылтып айтып ғалымды шатастыруға тырысып, оның зейінін тексеруде әр түрлі тәсілдер қолданған. Бұл мысал тестік жүйенің сонау орта ғасырларда-ақ мұсылман елдерінде білім сапасын анықтауда қолданысқа ие болған тәсіл екенін көрсетеді. Сондай-ақ, басқа да шығыс елдерінде орта ғасырларда білім деңгейін бағалау ауызша сұрақ-жауап ретінде немесе жазбаша түрде қолданылған. Алайда бүгінгідей кең етек алмағандықтан арнайы жүйе ретінде қарастырылмаған. Мұның бәрі тестік жүйенің әуелгі элементтері еді. Замандар өте келе ғылым-білімнің күрделеніп, білім сапасын анықтау мен бақылау ісінің жүйеленуі тестік жүйенің табиғи түрде өмір сахнасына шығуына жол ашты. Алғаш рет 1884 жылы АҚШ-та тест материалдары қамтылған сынақ кітабы жарық көрді. Ол негізінен математика, тарих, грамматика секілді бірқатар пәндерден жинақталды және бес көрсеткіш жауаптан құрылды. Бұл педагогика саласының білім деңгейін анықтаудағы алғашқы әмбебап тәсіл, үлкен жетістік еді. АҚШ-та тестік жүйенің тиімділігі осылай белгілі болды. Бірте-бірте бұл тәсіл кең етек алып, барлық ғылым салаларында білім сапасын анықтау мен бақылау ісінде жаппай қолданыла бастады. Әуелде таңдауға берілетін жауаптардың жалпылама санының ең тиімді мөлшерін анықтауға арнайы зерттеулер жүргізілген. Бұл зерттеулерде негізінен жауаптар саны 2-ден 5-ке дейінгі аралықта болу мысалдары (кейбір жағдайларда ғана 7 жауап) қарастырылған, сөйтіп олардың нәтижесінде берілмек жауаптардың ең тиімді саны 5 екендігі анықталған. Дұрыс жауаптың орналасу реті ешбір роль атқармайтыны белгілі. Тестерді қолдану ережелерінде сол тестердің жауаптары, әдетте оқушылар жіберетін қателерді ескере отырып немесе жиі кездесетін қателерді сипаттайтын материалдарды негізге ала отырып таңдалады. Міне, содан бері екі ғасырға жуық уақыт өтті. Тестік жүйе бүгінгі өмірімізге дендеп еніп, білім беру мен бақылау ісінде бірден-бір тиімді тәсіл ретінде кең қолданысқа ие болды. Қазақстанда тестілеу жүйесінің енгізілуі 1992 жылдан басталды. Орта білімді бітірушілер мен олардың жоғары оқу орнына түсудегі білім деңгейін айқындау мақсатында Республикалық тестілеу орталығы құрылды. Тестілеу алғашында жанаша ақпарат технологиялар әдісімен жоғары оқу орнына түсу емтиханы ретінде пайдаланылды. Әрине алғашқы кезде оқушылар тарапынан, тіпті оқытушылар тарапынан да түсінбеушіліктер, жаңа жүйеге жатырқап қарау көрініс берді. 1995 жылдан бастап барлық жоғары оқу орындары студенттерінің білім сапасын ағымдағы және аралық бақылауда тестілеу жүйесін кеңінен қолдана бастады. 1999 жылы орталықтанған кешенді тестілеудің енгізілуі талапкерлердің білім сапасын бағалаудың әділ болуына және мемлекеттік білім гранттары мен кредиттерді білімге сәйкес бөлуге жол ашты. 2004 жылы Ұлттық бірыңғай тестілеу енгізілді, ҰБТ – жалпы білім беру ұйымдары бітірушілерінің мемлекеттік қорытынды аттестаттауы мен орта білімнен кейінгі жоғары білім ұйымдарына қабылдау емтихандарын біріктірді. Бірте-бірте ҰБТ жалпы білім жүйесіндегі білім сапасын сырттай бақылайтын тәуелсіз жүйе ретінде қалыптасты. Сонымен қатар, талапкерлерді кешенді тестілеу жүйесі (ТКТ) – ақпараттық технологияларды пайдаланып, бірнеше оқу пәндері бойынша емтихан бір мезгілде өткізілетін болды. ТКТ-ге мектепті бұрынғы жылдары бітіргендер қатысады. Бұл тұрғыда елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауындағы «оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа ала отырып, сабақта жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға жаппай көшу ісі қолға алынып отыр. Ақпараттық технологияларды сабақта пайдаланудағы негізгі мақсат – Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық орта құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру болып табылады. Мұның мәні зор. Өйткені сапылы білім – күрделі технологияны меңгерудің құралы. Әлемдегі дамыған елдердің бәрі елдің шикізат көздеріне емес, күрделі технологияны меңгеру арқылы үлкен жетістіктерге жетуге, сол арқылы әлемдік саясатқа ықпал етіп, басқаларға өзінің гегемондық әрекеттерін мойындатуға ұмтылып отыр. Бұл – асыра айтқандық емес, өмір шындығы. Яғни тестік жүйенің пайда болуының өзі осындай үлкен амбициялық талаптардың әсерінен туындап жатқан шығар деген де ой келеді.

Бүгінгі күні заман талабына сай ақпараттық технологияның дамуына байланысты тесті қолдану тек оқытушылар ғана емес, оқушылар үшін де тиімді әдіс болғанын бүкіл әлем мойындап отыр. Өйткені тестік тапсырмалар арқылы білім сапасы мен деңгейін тексерудің өзі жоғары техноло-

гиялар қатарына жатқызылады. Әрине тестілеу жүйесі әлі күнге дейін әлемнің барлық елдеріне бірдей тарай қойған жоқ. Дей тұрсақ та көптеген дамыған елдерде білімінің ажырамас бөлігіне айналғаны белгілі, оқушылардың дайындық деңгейін және жалпы білім сапасын айқындаудың тиімді құралы, білімнің мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкестігін бақылауды ұйымдастырудың бір түрі ретінде қолданылады.

Тест дегеніміз-оқушының білімі мен эксперттік білім моделі сәйкестігін нақты, дәл бағалауға тест арқылы мүмкіндік беретін өзара байланысқан тапсырмалар блып табылады. Тест дегеніміз өте күрделі педагогикалық құбылыс болып табылатын білімді игеру және іскерлік пен дағдыны қалыптастыру мәселелерін бағалауға математикалық әдістерді қолдана білудің ең қолайлы формасы болып табылады. Тестік тапсырмалар жинағынан тұратын арнайы тестер көмегімен жүргізіледі. Тестік тапсырма деп нақты пән облысынан анық және түсінікті етіп берілетін сұраққа бір мәнді жауапты немесе нақты алгоритмді орындауды талап ететін тасырманы айтады. Кездейсоқ алынған тапсырмалар жиынтығын тест деп қарастыруға болмайды. Тест білімді бақылау ретінде қолданып, нық және нақты әдістемелік талаптарды қанағаттандыруы қажет. Елімізде тестілеудің арнайы қарастырылған мемлекеттік тұрғыдан тұжырымдалған ережесі жоқ. Дегенмен оқушылардың білімін, іскерлігін, дағдысын, жылдамдығын тексеріп бақылау үшін дұрыс таңдау тесті, баламалы (альтернативті) тест, толықтыру тесті, сәйкестендіру тесті деп шартты түрде төрт түрі қолданылып жүр. Елімізде тестілеу жүйесіне бірінғай көшкеннен кейін бұл іспен әсіресе мұғалімдер тереңірек айналысатын болды. Тесті дамыту тұрғысында олардың ізденістері мен аздықөпті жетістіктері де жоқ емес. Яғни оқушылардың білім деңгейін бақылау үшін тестің қандай түрін қолдану, қалай қолдану мәселесі мұғалімнің біліктілігіне байланысты болмақ. Тесті тиімді тәсіл ретінде қарастырған соң оның прогрессивті сипаттарына кеңірек тоқталған жөн болмақ. Әр сабақ барысында тест түрлерін өзгертіп отыру жақсы нәтиже береді. Тест қолдану емтиханмен салыстырғанда көп тиімді екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Енді бұрынғы кеңестік жүйедегі емтихан тапсырумен салыстырғанда тестілеудің қандай артықшылықтары, қандай ерекшеліктері бар дегенге келсек, басты-басты мынадай ерекшеліктерді атап айтуға болады: Оқушы өзін-өзі бақылайды, бағалайды, кемшіліктерін анықтайды. Сапалық көрсеткіштерде жақсы нәтижеге қол жеткізеді. Нәтижесі тікелей белгілі болады. Барлық оқушыға бірдей талап қойылады. Оқушылардың білім дәрежесі әділ бағаланады әрі оқытушының өз пікірінше ғана бағалауына жол берілмейді. Оқушылардың білім деңгейін білу үшін оқылған материал тегіс қамтылады. Оқушы қалаған мамандығы бойынша оқуға түсуге тестілеу арқылы алдын ала дайын болады. Тестілерді құрастыру барысында мейлінше қысқа да нұсқа жауаптарды қажет ететін тапсырмалар қолданылады немесе тестер бірнеше жауаптар ішінен дұрыс жауапты таңдап алуға негізделген тапсырмаларға құрылады. Жауаптарды іріктеу ыңғайлы болу үшін олар белгілі бір ретпен нақтылы орынға жазылып отырады. Бір сөзбен айтқанда, тест оқушылардың мәліметтерді салыстыра білуін, өзіне белгілі деректермен ұштастыра білуін қажет етеді. Әрине, тестілеудің бұдан да басқа жақсы жақтары мен өзіндік кемшіліктері де жоқ емес. Тест алардан бұрын мұғалім өзі не әдістемелік орталық тест тапсырмаларын әзірлейді. Оны орындау жолдары оқушыға түсіндіріледі. Оқушы тестік сынақта жақсы көрсеткішке жету үшін оқулықтар бойынша дайындалады. Тест жүйесі оқушылардың өз бетінше жұмыс әрекетін арттырып, оқытудың тиімділігіне қол жеткізіп, ойлау қабілетін, шығармашылық қабілетін арттырады. Бұған қоса оқушылардың білімдеріндегі олқылықтар анықталып, уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Тестің нәтижесін оқытушының қатысуынсыз компьютер автоматты түрде бағалайды. Қазіргі кезде мектеп оқушыларына арналған тестілеу тапсырмаларының мәселесін шешудің моделі мен әдістерін жасауда жоспарланған бағыт-бағдары анықталған іс-шаралар қарастырылуда. Оқушылар білімін бағалауда қолданылатын бақылау тапсырмалары субъективті және объективті тапсырмалар болып бөлінеді. Субъективті тапсырмалардың қатарына әр түрлі шығармалар мен трактаттар жатады. Олардың субъективті болу себебі, бұл шығармалар бойынша мұғалім жеке-дара тұжырым жасауға мәжбүр және ол тұжырым оқушының іскерлігі мен дағдысын көптеген критерийлер бойынша кешенді түрде саралау нәтижесін-де қалыптасады. Тест нәтижесін бағалау моделдері-бақылаудың объективті формасына жатады, себебі олардың жауабы сандық тұрғыда кескінделеді және тест негізінен бағдарлы түрде жасақталады, яғни олардың әрбір түрі білімнің, іскерліктің және дағдының нақты түрін бағалау мақсатында құрастырылады. Жауапты таңдап алуды қажет ететін

тестердің өзге түрлері баршылық, олар жіктемелік тестер, яғни белгілі бір ретпен орналастыруды қажет ететін тестер т.б. Тестер оқушының білім дәрежесін анықтау ісінде субъективтік элементтің болмауын қамтамасыз ете алады, себебі бұл орайда бүкіл іс дұрыс және дұрыс емес жауаптарды есепке алуға және осы мәліметтерді статистикалық тұрғыдан саралауға ғана негізделген. Тестерді қолдану оқушылардың нақтылы мәселелер бойынша білім деңгейін, сол сияқты оларда іскерлік пен дағдының жекелеген түрлері қалыптасуы дәрежесін сипаттайтын мейлінше ауқымды материалды тез арада есептеу және саралау шараларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Солай бола тұрса да, тестілеу дегеніміз оқушылардың үлгерімін тексерудің мейлінше қарабайыр, негізінен алғанда механикалық әдісі екендігін ұғынбау мүмкін емес. Тестер әсіресе олардың дұрыс жауапты тандап алуды қажет ететін түрлері көмегімен оқушының белгілі бір пәннен бағдарлама көлеміндегі білімін жүйелі, толық бағдарлауға мүмкіндік туады, негізгі ұғымдар мен тұжырымдар туралы қандай біліктілігінің бар екендігін аңғаруға болады. Оқушы тестегі әрбір жауапты бір-бірімен салыстыра отырып талдау жасайды, яғни белсенді ойлау процесі жүреді де, оқушының логикалық ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Тестілеу әдісінің кеңінен таралуына, тестілеу нәтижелерін мейлінше тез және сапалы түрде өндеп шығаруға компьютерлердің үлкен септігі тиетіні сөзсіз. Тестілеуде компьютерді қолдану оқушылардың білім деңгейін сырттан бақылауды және олардың өзін-өзі бақылауын қамтамасыз ету мақсатында қолданылады және бұл технология оқушы жауабын тандау принципіне немесе өте қысқа да нұсқа жауаптар (сандар түріндегі немесе әріптегі түріндегі) алу принципіне негізделген. Көптеген жаңа технологиялармен қатар соңғы кездері информатика пәні сабақтарында ақпараттық технологиялар жиі қолданылуда. Осыған байланысты күнделікті сабаққа:

- мультимедия (видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, электрондық оқулықтарды);
- компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта)
- интернет және т.б. көрнекі материалдарды пайдалану айтарлықтай нәтиже береді.

Мұндай қондырғылар оқушылардың қызығушылығын арттырып, зейін қойып тыңдауға және алған мәліметтерді нақтылауға мүмкіндік береді. Оқушылардың білімі мен біліктілігін қалыптастыруда тиімді әдістерді қолдана отырып өз бетімен ізденіп оқуға, олардың эмоциясы және денсаулығына зиянды әсерін тигізбей өзін-өзі бағалауға үйрету көзделген.

Тестің көмегі арқылы бақылау жұмысында мектеп бағарламасын дұрыс меңгере алды ма анықтау қолайлы. Тестілеу өнімділігі ұстаздардың кәсіби ұтқырлықтарынан, оқушылардың білім деңгейінің көтерілуінен және білім берудің сапалығынан айқын көрінеді. Сондықтан тестілеу жүйесін ұдайы дамытып, жетілдіріп отыру ләзім. Бұл елімізде білім сапасын көтеру мен бақылау ісінің жақсаруына кепіл болары даусыз.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Сарманова К. Тест дайындау тәсілдері // Қазақстан мектебі. – 1999. – № 9.
- [2] Мұқашева К. Тест әдісінің тиімділігі // Ауыл мектебі. – 2004. – № 6.
- [3] Боранбаева А. Ұлттық бірінғай тестілеу – заман талабы // Білімдегі жаңалықтар. – 2004. – № 2.
- [4] Берікұлы Н. Педагогика. – Ақтөбе, 2004.
- [5] Өмірбаева К.О. Оқыту процесіндегі Инновациялық ізденістер. –Ақтөбе, 2002.
- [6] Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2002.
- [7] Мұхамбетова С.К. Педагогика. – Ақтөбе, 2002.
- [8] Мұхитова Ж. Тест түрлері // Қазақстан мектебі. – 2002. – № 5.
- [9] www.45minut.kz — ҰСТАЗДАРДЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫҒЫ Мақсұтқанова Ә.М. Оқытуда тестілеудің тиімділігін арттырудың формалары, 2013.
- [10] Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы.
- [11] «Информатика негіздері» журналдары. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
- [12] Салихова А. Оқушылардың шығармашылығын дамыту // Ғылыми-әдістемелік журнал. – 2009. – № 5. Сайттары 2012 ж.

REFERENCES

- [1] Sarmanova K. Test day'ndaw ta'silderi. Qazaqstan mektebi. 1999. N 9.
- [2] Muqasheva K. Test a'disining ti'imdiligi. Awi'l mektebi. 2004. N 6.
- [3] Boranbaeva A. Ultti'q biringghay testilew – zaman talabi'. Bilimdegi jangali'qtar. 2004. N 2.

- [4] Berikuli' N. Pedagogi"ka. Aqto'be, 2004.
- [5] O'mirbaeva K.O. Oqi'tw procesindegi I"nnovaci"yali'q izdenister. Aqto'be, 2002.
- [6] Qoyanbaev J.B., Qoyanbaev R.M. Pedagogi"ka. Almati', 2002.
- [7] Muhambetova S.K. Pedagogi"ka. Aqto'be, 2002.
- [8] Muhi"tova J. Test tu'rleri. Qazaqstan mektebi. 2002. N 5.
- [9] 9. www.45minut.kz — USTAZDARDI'Ng RESPWBLI"KALI'Q BASLI'MI' Maqsutqanova A'.M. Oqi'twda testilew-ding ti"imdiligin arttirwdi'ng formalari', 2013.
- [10] Nazarbaev N.A'. Qazaqstanni'ng a'lemdegi ba'sekege bari'nsha qabiletti 50 elding qatari'na kirw strategi"yasi'.
- [11] «I"nformati"ka negizderi» jwrnaldari'. Qazaqstan Respwbli"kasi' bilim berwdi dami'twdi'ng 2005–2010 ji'ldargha arnalghan Memlekettik baghdarlamasi'.
- [12] Sali"hova A. Oqwshi'lardi'ng shi'gharmashi'li'ghi'n dami'tw. Ghi'li'mi"-a'distemelik jwrnal. 2009. N 5. Sayttari' 2012 j.

СИСТЕМА ТЕСТИРОВАНИЯ – ГАРАНТИЯ КАЧЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

П. Б. Уразова

Казахский государственный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: наука, образование, тест, система, преподаватель, учащийся, методы.

Аннотация. В Европейских странах еще в XIX веке в виде опытов система тестов начала применяться в точных науках, далее в целях улучшения и контроля в сфере образования стали внедрять во всех отраслях науки и образования. Система тестирования за годы независимости появилась и в нашей республике. В настоящее время она является единственной оценкой качества образования и контроля, ранее применявшиеся методики вышли из применения и не действительны.

Поступила 26.11.2014 г.